

**БИОЛОГИЯ МЕН
МЕДИЦИНАНЫҢ
ҚАЗІРГІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**СОВРЕМЕННЫЕ
ПРОБЛЕМЫ
БИОЛОГИИ
И МЕДИЦИНЫ**

**MODERN
PROBLEMS OF
BIOLOGY AND
MEDICINE**

УДК 612;57.034

¹Т. Артыққызы*, ¹Б.А. Үсіпбек, ¹Н.Т. Аблайханова,
²А.В. Грицай

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Шығыс халық медицина орталығы – Қытай медицинасы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: a_talshyn_92@mail.ru

**Накатани әдісі арқылы адам ағзасының
Инь және Ян энергиясының өзгерістерін зерттеу**

Инь-Ян теориясы – бұл қарсы табиғат, яғни қарама-қарсы табиғат құбылысы және бір құбылыстың екі қарама-қайшы аспекті. Ян мен Иньнің өзара қатынасы екі бастаманың тығыз байланысында анықталады. Ешқайсысы да жеке-дара окшауланып, бір-біріне өмір сүре алмайды. Накатани әдісі арқылы адам организміндегі Инь және Ян энергияларының ауытқуына байланысты пайда болатын ауру түрлерін анықтауға болады.

Түйін сөздер: электропунктуралы диагностика, Инь, Ян, энергия, биологиялық активті нүктелер.

Т. Артыққызы, Б.А. Усипбек, Н.Т. Аблайханова, А.В. Грицай
Изучение изменения Инь-Ян энергии организма по методу Накатани

Теория Инь-Ян –противоположные аспекты природы. Инь и ян не только противоборствуют, но и взаимодополняют друг друга. Именно взаимодополнение есть источник бытия. По методу Накатани можно определить болезни которые зависят от потока энергии Инь-Янь в организме человека.

Ключевые слова: электропунктурная диагностика, Инь, Ян, энергия, биологические активные точки.

T. Artykkyzy, B.A. Usipbek, N.T. Ablayhanova, A.V. Gritsay
Study of changes of Yin-Yang energy of the body according to Nakatani





Theory of Yin-Yang opposite aspects of nature. Yin and yang not only oppose, but also complement each other. That complementarity is the source of life Nakatani method can identify the disease that depends on the flow of yin-yang in the human body.

Key words: electroacupuncture diagnostics, Yin, Yang, energy, biologically active points.


Табиғатта барлық нәрсе екі бастамадан Ян және Иньнан тұрады. Инь-Ян теориясы белгілі бір феноменді білдірмей, тек оның түсінігінің теориялық әдістері мен құралы болып табылады. Инь-Ян теориясы – бұл қарсы табиғат, яғни қарама-қарсы табиғат құбылысы және бір құбылыстың екі қарама-қайшы аспекті. Осылайша ежелгі Қытай ойшылдары қоршаған «Су-

Вань» трактатында былай делінген: «Су және от Инь-Янның символдары». Ал бұл су мен от екі қарама-қарсы қасиет көрсетеді дегенді түсіндіреді.

Оттың барлық қасиеті: ыстық, жоғарылығы және сыртқы қозғалысы, жарықтығы, қозғыштық пен күші Янға жатады, ал судың барлық қасиеттері – суық, баяулық, төмен және ішкі





Сурет 1- Тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі I топ студенттердің Инь –Ян энергия көрсеткіштері мен меридиандардың ауытқуы.



А



Б



Сурет 2 - Тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі II топ студенттердің Инь –Ян энергия көрсеткіштері мен меридиандардың ауытқуы.

қозғалысы Иньге жатады. Бұл екі ұғым Инь – әйелдік, ал Ян-еркектік бастаманы бірін-бірі тепе-теңдікте ұстап тұрады. [1-3].

Ежелгі ойшылдар барлық қарама-қарсы заттар бір-біріне тек қайшы болып қана қоймай, байланысып бір бүтін құрайды деген. Иньдік элементтің бөлшегі Янда, ал Яндық элементтің бөлшегі Иньде болады. Осылайша, монада деп аталатын аралық байланыс пайда болады. Қалыпты жағдайда Инь-Янның үнемі болып тұратын күресінің есебінен салыстырмалы түрдегі физиологиялық тепе-теңдік болып тұрады және ол бұзылған кезде ауру пайда болады. Ян мен Иньнің өзара қатынасы екі бастаманың тығыз байланысында анықталады. Ешқайсысы да жеке-дара оқшауланып, бір-бірінсіз өмір сүре алмайды [4-6].

Физиологиялық тұрғыдан қарастырсақ, Инь ағза мен ұлпалардың функционалдық белсенділігіне, ал Ян оны сыртынан қорғап тұрады. Адамның кез келген физикалық және психикалық жағдайының қалыптан артықшылығы – Ян жағдайы, ал қалыптан төмендігі Инь жағдайы болып саналады. Барлық Янға қатысты заттардың жоғарылағыш, ал Иньге қатысты заттардың төмендегіш қасиеті бар [7].

Зерттеу нысаны. 20 жастағы 10 студент

Зерттеу әдісі. Кано-3 бағдарламасы арқылы Накатани әдісі

Зерттеу нәтижелері. Тәжірибе барсынында Накатани әдісі арқылы адам ағзасындағы Инь және Ян энергияларының жоғары немесе төменгі тип бойынша өтуін, мүшелердегі ауытқушылықтардың динамикалық графигі, салмақ пен дене индексіне R-сызба нұсқасы арқылы сараптама жасалады.

Алынған нәтижелер бойынша I – топ -студенттердің көрсеткіштерінде алғашқы зерттеу нәтижесінде орташа мән бойынша Инь мен Ян тепе-теңдігінің бұзылғандығын, меридиандардың ауытқуын көруімізге болады. Накатани диаграммасынан жүрек-қан тамырлар жүйесі мен бүйрек, зәр-жыныс жүйесінде ауытқулар көрінді (сурет 1 (А)).

Дәрігер кеңесінен кейін меридиандардың біршама қалпына келгді деп айтуға болады. Тиісті емдік шараларын толығымен қабылдағандықтан Инь және Ян энергиясының қалпына келді (сурет 1(Б)). Яғни пациентте анықталған нефроздық

синдромға биогенді су мен ағзаны толық тазалау үшін тиісті диета шаралары ұсынылды.

Сонымен қатар, физиотерапияның бірнеше түрін қабылдады. Алғашқы зерттеуде С(2,4) Инь энергиясының жетіспеушілігі болды, яғни зәр шығару жолдары мен артық шлактардың жиналуы байқалды. Алайда биогенді су арқылы емдеу нәтижесінде мүшелерде ауытқу байқалмады. Тек жүрек – қан тамырлар жүйесін ары край емдеу қажет болды. II топ студенттеріне қарағанда меридиандардағы ауытқулар аз болды. Аяқ-кол меридиандарындағы бұзылыстардың дәрігер қабылдауынан кейін біршама алпына келгені байқалды.

Тәжірибедегі II топтың көрсеткіштері аяқ-кол меридиандарында айтарлықтай бұзылыстар бар екендігі көреміз. Меридиандардағы ауытқушылық қалыпты жағдайдан төмен және Инь – Ян энергияларының төменгі тип бойынша ауытқуы байқалды (сурет 2(А,Б)). Сонымен қатар II топ студенттері іштей стресс жағдайы мен күйзелісте болғандықтан ауру асқынғанда барып дәрігер көмегіне жүгінген. Алғашқы бақылаудан кейін дәрігер ең алдымен стресс жандайынан арылу мақматында әртүрлі жаттығулар ұсынды.

Алғашқы зерттеу қорытындысында аяқ-кол меридиандарындағы биоактивті нүктелердегі ауытқуларды көре аламыз. Нактани диаграммасында ас қорыту, зәр шығару, жүрек-қан тамырлар жүйесіндегі патологияларды байқадық. Терінің электрөткізгіштік қасиетінің төмендегенін, МС(6,6) Инь жетіспеушілігі, IG(27,2), GI(22,7) Ян жетіспеушілігі байқалды. Әсіресе зәр шығару жолдарының қызметінің бұзылғандығы, ас қорыту мүшелерінің, энергетикалық дисбаланс жиі байқалды. Алайда «гидроплама АІКА» арқылы ағзаны толыққанды тазарту мен физиотерапевт дәрігердің емдік шаралардан толық өтіп, емдеу сеанстарының соңында ауытқушылықтардың біршама азайғандығын, R-каотада жақсы нәтижелер алынды.

Қорыта келгенде, Шығыс халық медицинасындағы әдістерді пайдалану арқылы адам ағзасындағы Инь және Ян энергияларының әсерінен пайда болатын патологиялардың себептерін тауып, адамның физиологиялық функционалдық күйін жақсартуға болады.

Әдебиеттер

- 1 У Вэй Син. Энциклопедия Китайской медицины . Целительная сила природы. II том, Издательский Дом «Нева», 2005.— 122 с: ил.ISBN 5-7654-4299-4
- 2 А.М. Төлеусаринов, Г.И. Дүйсенғалиева, Қ. Құнанбай, С.Т.Төлеуханов, М.С.Төлеусаринова Шығыс медицинасы, Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2007 жыл,- 27-38 с.
- 3 Е. Накатани Основы учения Риодораку.- Осака,1996.с.196-198
- 4 Д.М. Табеева Руководство по иглорефлексотерапии. – М.Медицина, 2001. С.8-10.- Деп. в ВИНТИ 16.04.96, №2357
- 5 В.Г.Вогралик, М.В. Вогралик Акупунктура. Основы традиционной восточной рефлексодиагностики и пунктурной адаптационно–энергезирующей терапии: Ци–Гун Издательство: Смоленск, Полиграфкомбинат, 2001г., 334 стр.
- 6 Палош Штефан Китайское искусство целительства. История и практика врачевания от древности до наших дней. Издательство: М., Центрполиграф, 2003 г.- 282 стр.
- 7 Б. Көшенов. Медициналық биофизика.- Алматы, «Қарасай», 2010. – с.220

Reference

- 1 At Wei Xing. Encyclopedia of Kitaiysky medicine. Salutary force of nature. II volume, Neva Publishing House, 2005. — 122 with: ил.ISBN 5-7654-4299-4
- 2 А.М. Toleusarinov, G. I. Duysengaliyeva, K. Kongangbai, S.T.Toleukhanov, M.S.Toleusarinova Shygys медицинасы, Alma-Ata, "The Cossack university" баспасы, 2007 veins, – 27-38 pages.
- 3 E. Nakatani Osnova of the doctrine to Riodorak. – Osaka, 1996.s.196-198
- 4 D. M. Tabeeva Rukovodstvo on acupuncture. – M. Meditsina, 2001. Page 8-10. – Depp. in VINITI 16.04.96, No. 2357
- 5 V.G.Vogralik, M. V. Vogralik Aкупунктура. Bases traditional east рефлексодиагностики and punkturny adaptation энергезирующей therapies: Qi-Gong Izdatielstwo: Smolensk, Poligrafkombinat, 2001, 334 p.
- 6 Broadsword Stefan Chinese art of healing. History and practice of doctoring from an antiquity up to now. Publishing house: M, Tsentrpoligraf, 2003 – 282 p.
- 7 B. Koshenov. Meditsinalyk biophysics. – Alma-Ata, "Karasay", 2010. – page 220